

2015 жылға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының аумағында тұратын нысаналы топтарына жататын тұлғалардың нысаналы топтарын анықтау және қосымша тізімін белгілеу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл аудандық әкімдігінің 2014 жылғы 25 желтоқсандағы № 397 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 23 қаңтарда N 3077 болып тіркелді. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 4 мамырдағы N 110 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің 04.05.2016 N 110 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 5-бабы 2-тармағына, 7-бабы 2) тармақшасына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2015 жылға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының аумағында тұратын, нысаналы топтар анықталсын:

- 1) аз қамтылған;
- 2) жиырма бір жасқа дейінгі жастар;
- 3) балалар үйлерінің тәрбиеленушілері, жетім балалар мен ата-ананың қамқорлығынсыз қалған жиырма үш жасқа дейінгі балалар;
- 4) кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеп отырған жалғыздікті, көп балалы ата-аналар;
- 5) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен асырауында тұрақты күтімді, көмекті немесе қадағалауды қажет етеді деп танылған адамдар бар азаматтар;
- 6) зейнеткерлік жас алдындағы адамдар (жасына байланысты зейнеткерлікке шығуға екі жыл қалған);
- 7) мүгедектер;
- 8) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарынан босатылған тұлғалар;
- 9) бас бостандығынан айыру және (немесе) мәжбүрлеп емдеу орындарынан босатылған тұлғалар;
- 10) оралмандар;
- 11) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын

түлектері;

12) жұмыс беруші-заңды тұлғаның таратылуына не жұмыс беруші жеке тұлғаның қызметін тоқтатуына, қызметкерлер санының немесе штатының қысқаруына байланысты жұмыстан босатылған тұлғалар;

13) қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған тұлғалар жатады;

14) терроризм актісінен жәбірленуші адамдар және оның жолын кесуге қатысқан адамдар кіреді.

2. Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының аумағында тұратын нысаналы топтарға жататын тұлғалардың қосымша тізімі белгіленсін:

1) жиырма бір жастан жиырма тоғыз жасқа дейінгі жастар;

2) елу жастан асқан жұмыссыз тұлғалар;

3) колледждер мен кәсіби лицейлердің түлектері, оқу мекемелерін аяқтаған күнінен бастап бір жыл бойында жұмысқа орналастырылмағандар;

4) ұзақ уақыт бойына жұмыс істемейтін тұлғалар (он екі немесе одан ұзақ айлар);

5) бір де біреуі жұмыс істемейтін отбасыларының тұлғалары.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің басшылық ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күн күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы
Жамбыл ауданының әкімі*

И.Турков